


С. И. ОСПАНОВ



**ЖАРАТУШЫ
ӘЛДЕ
ЗАРАТУШТРА
ҚАЛАЙ ДЕДІ?**



С.И. ОСПАНОВ

**ЖАРАТУШЫ
әлде
ЗАРАТУШТРА
қалай деді?**

Социология-
фольклор-фонологиялық
археология

АЛМАТЫ

ББК 87.3+82
О—78

Пікір жазғандар:

Т.Х. Ғабитов, философия ғылымдарының докторы,
профессор;
Ә.Т. Төлеубаев, тарих ғылымдарының докторы,
профессор.

О—78 **Оспанов С.И.**
Жаратушы әлде Заратуштра қалай деді? Социо-
логия-фольклор-фонологиялық археология.
Алматы, 2003. — 332 бет.

ISBN-9965-00-911-2

Әйгілі отқатабыну ілімінің пайғамбары Заратуштраның байырғы сақтардан шыққандығын әлемдік авестологтар мойындайды. Ол діннің мәтіні “Авестада” осы кезге дейін мазмұны ашылмай келген “терминдер” мен атаулар жеткілікті. Бірақ оны қазіргі кезге дейін ешкім ескі түркі тілі тұрғысынан талдамаған.

Автор түркі халықтарының фольклорлары, байырғы прототүркі, ескітүркі тілдерінің фонологиялық құрылымдары тұрғысынан авесталық сөздердің мазмұндық, тілдік құрлымдарын социологиялық, негізде талдаған. Жұмыста археологиялық жәдігерлер де кең пайдаланылған.

Еңбек философтарға, тарихшыларға, социологтарға, тіл мамандарына, жалпы қазақ-түркі мәдениетінің байырғы бастауларымен танысқысы келген оқырмандарға арналған.

О $\frac{0301000000}{00(05)-03}$

ББК 87.3.+82

ISBN 9965-00-911-2

© Оспанов С.И., 2003

О, Түркі тілі !

— Шыққан төркінің қайдан?!..

— Шығар төрің қайда?!..

Төркінің ата-бабалардан шығар...

Төрің келер бала-даналардан шығар...

Біз солардың арасын қоса алар көпірміз бе?

Жоқ әлде жолда адасқан қара нөпірміз бе?

(Шериф Ақташқа¹)

*Сөзді құдайдай санағанның
Көңілінде пайғамбардың көзі болар.
Сөзстаннен жан тербеп сырласа алған,
Кемінде кемеңгердің өзі болар.*

Автор.

¹ Шериф Ақташ — Қожа Ахмет Иассауи Халықаралық Қазақ-Түркі университетінің Түркі тілдер орталығының басшысы, түркі тілдерін жақындастырудың жанкүйері.



Заратуштра пайғамбардың:

*Ар ата-бабалар аруағы, ел, туыстар, достар мен
келер ұрпақтардың мұраттары алдындағы адалдықтан ба-
сталады*¹

деген қағидасын ескере отырып,

БҰЛ ЖҰМЫСЫМДЫ

Ата-бабаларыма,

әкем *Иманғалиға,*
анам *Бибіһауаға,*

жанұяма,

туыстарыма,

достарыма,

¹ Заратуштраның (Жаратушының) Фрабаши (Пірбасшысы) идеясынан: Катехизис Зороастризма. Древняя религия магов. Сборник/ Пер. с англ. М.: “Сфера”, 2002. С. 84-85.





жалпы

*Мейріңді оймен, мейріңді сөзбен, мейріңді іспен
мейріңді ойды, мейріңді сөзді, мейріңді істі
мадақтағандарға,*

мадақтаушыларға,

мадақтайтындарға²

АРНАДЫМ

² Заратуштраның Жаратушының кереметтік күдіретін мадақтауға арналған өнұранының өуенімен: Авеста. Избранные гимны. Из Видевдата/Пер. с авестийского И.М. Стеблина-Каменского. М.: Дружба народов; КРАМДС — Ахмед Ясови, 1992. С. 14.



ЖҰМЫСҚА ҚУАТ БЕРГЕН ОЙЛАР

[Э1]³ “Язык — это кладезь исторических сведений, не уцелевших в отрывочных летописях. **Языки это архив**, который не горит, не смывается, не плесеневет и не подвержен влиянию идеологий. **Главное интеллектуальное наследие, доставшееся нам от бесчисленных поколений предков.** И не зря они нам завещали стать Знающими, чтобы мы развели то, что им было недоступно — их прошлое. **Нам давался наказ — расшифровать, прочесть великий архив, в котором закодировано не только прошлое, но и наше будущее.**”

Мы видим в саду человеческих культур только параллельные стволы. **Но посмотри вниз, проникни взглядом сквозь поросшую травой обыденности дернину и увидишь как переплетаются системы корней, и почувствуешь как шумят над головой кроны. Трутся листвой и цветением, взаимно опыляя друг друга (ерекшелеген мен. — С.О.)”**

О. Сулейменов. **Язык письма.** Взгляд в доисторию — о происхождении письменности и языка малого человечества. Алматы-Рим, 1998. С. 204-205.

[Э2] “Текстерінде өз зерттеуін күтіп тұрған аса бай материал болғанымен, Авеста деректері сақ кезеңіндегі Қазақстанның ежелгі тұрғындрының тарихы мен мәдениетін зерттеуге біршама аз тартылды.”

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. I том. Томның редакциялық алқасы: К.А. Акишев, К.М. Байпақов, О.И. Исмағұлов, Б.Е. Көмеков. Алматы: “Атамұра”, 1996. 32 б.

³ 1) Бұл жұмыста орыс тіліндегі әдебиеттен келтірілетін үзінділер, олардың авторларының ойларының нақтылығын бұзбау үшін, қазақшаға аударылмастан берілетін болады.

2) “Тік жақшалардағы” [Э1]-[Э5] реттік белгілеулері “Эпиграф 1” — “Эпиграф 5” дегендерді білдіреді. Бұларға осы еңбекте сілтеме жасалған.

[Э3] “Если отметить на карте места рождения высших религий можно отметить, что они тяготеют к двум небольшим областям на территории Старого Света — бассейна Окса — Яксарта (қазіргі Әму және Сырдариялар. — С.О.) и Сирии... Бассейн Окса — Яксарта был местом рождения махаяны в том виде, в каком эта религия распространилась по Восточной Азия. Еще раньше район этот был местом рождения зороастризма.”

А. Тойнби. *Цивилизация перед судом истории.*
Сборник/Пер. с англ. М.: Рольф, 2002. С. 40.

[Э4] “...ТУРАНЦЫ И ЗОРОАСТРИЙЦЫ ПРО-
ИСХОДИЛИ ИЗ ОДНОГО И ТОГО ЖЕ РОДА. (бас
әріптермен ерекшеленген мен. — С.О.)”

Дж. В. Уотерхауз. *Зороастризм*//
Катехизис Зороастризма. Древняя религия магов. С. 41.

[Э5] “В зороастризме же необычно то, что мнения относительно того, чему первоначально учил пророк, слишком разнообразны, не говоря уже о самых различных толкованиях того, как это учение следует понимать сегодня. В этой путанице повинны в основном западные, черезчур самоуверенные ученые и миссионеры XIX в. ...без ключа, который могла дать традиция, эти древние религиозные тексты оставались загадочными, и различные варианты их толкований, предлагавшиеся парсами, иранцами и западными учеными, настолько отличались друг от друга, что вызывали замешательство. ...Несмотря на все это, незначительное количество правоверных зороастрицев сохранило невозмутимое спокойствие, а многие зороастрийцы в наш образованный век жаждут получить простое, благородное и ясное священное писание...

...Знание исторических фактов может стать источником силы и настоящей гордости общины, которая борется против погашения ее в общечеловеческой массе (ерекшеленген мен. — С.О.)”.

М. Бойс. *Зороастрицы. Верования и обычаи*/Пер. с англ. и примеч. И.М. Стеблина-Каменского. М.: “Наука”, 1987. С. 268-269.

ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

I. Заратуштра есімі “Жаратушы” атауынан туындаған деген пікір, автордың Заратуштра ілімінің мәтінінде ежелгі сақ, түркі елдерінің (Э2-Э4) Тәңіріге сенген кезеңінен келе жатқан түбірлес, сабақтас түсініктер мен ұғымдар бар деген тұжырымынан шыққан.

II. Әйгілі неміс философы Ф. Ницше “Заратуштра *былай* деді” атты еңбегінде Заратуштра-пайғамбардың ілімін *декаданстық*⁴ тұрғыда бұрмалап, оны тек өзінің идеяларын дамыту үшін пайдаланды. Ал біз жұмысымызда Заратуштра ілімінің жеке терминдерін, идеяларын ғана қарастырдық. Олардың астарына үңіліп, тарихи тамырларына жақындап, мән-мазмұнын түсінуге ұмтыла отырып, Заратуштра “*қалай*” деуі мүмкін деген сұраққа ғана жауап іздедік.

III. Біздің жұмысымыз тек ұғымдық этимологиялық ізденістер ғана емес, сонымен қатар қарастырылған ұғымдардың байырғы әлеуметтік болмыстың құбылыстарына сәйкес жерлерін социологиялық-фольклорлық, дінтанулық тұрғыдан зерттеу. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ тіліндегі салт-дәстүрлер мен сенімдердің мән-мазмұндарын көрсететін байырғы ұғым-түсініктердің жаратушылық-заратуштралық (Отқатабынушылық) ілімінің мазмұнымен ұштасып жатқандығымен байланысты. Және де ежелгі арилықтар, шумерлер, сақ-түркілер мен парсылардың тарихи жәдігерлерінде оларға ортақ рухани-мәдени және мән-мазмұндық үндестіктері айқын көрінеді.

IV. Зороастралық діни ілімнің мазмұнында **Үлкен Орталық Батыс Азия** (мұнан әрі: **ҮОБА**), — қазіргі Сақа Республикасы, Алтай, Қазақстан, Орталық Азия, Сырдария-Әмудария өзендері (бұрын Яксарт-Окса, ал онан да бұрын “Авестада” Ратха-Ардви аталған), Арал-Каспи өңірлері, Иран, Ирак

⁴ *Декаданс* (лат. Decadentia) — иманшарттылықсыз, пессимистік, мәдени күйзеліс, құлдырау көзқарастары, соларға сәйкес өдебиет пен өнерді дамытушы.

(Тигр-Ефрат өзендері), Пәкістан, Ауғаньстан (бұрынғы Сақастан, немесе Дрангиана, кейіннен 1872 ж. дейін Систан, арабша Сеистан атанған), батыс Үндістан (Пенджаб, Синда, Гуджарат) халықтарының ортақ тарихи тамырлары қаралған. Осы және онан да басқа зороастризмдік ілімнің терминдері, түсініктері, сөздерінің астарларында, фольклорлық сөздерде, Олжас Сүлейменов айтқандай (Э1), тарихнамалар жатыр. Солардың уақыт тозаңдарымен “көмілген” алғашқы нұсқаларын археологтар сияқты ептеп, сақтықпен, бір-бірлеп қайтадан “қазып алу” қажет. Сондықтан, жұмысымыздың теориялық-әдістемелік негізін “социология-фольклор-фонологиялық археология” деп атадық.

V. Социология-фольклор-фонологиялық археология, — тақырыбымыздың қосалқы атауы — мынандай жақтарымен ерекшеленген:

V.1. Қазіргі кезде Заратуштра дінін зерттеушілердің арасында оның байырғы сақ елдерінен шыққандығы туралы тоқтам ешкімге дау туғызбайды. Сонымен бірге, Заратуштра пайғамбардың өзі шығарған “Гаттар” бөлімінде көп сөздердің пехлеви, ескі-, орта және жаңа парсы тілдерінің тұрғысынан алғанда түсініксіз екендігін мойындайды. Бірақ ол зерттеушілердің, біздіңше, бірде-біреуі “Авеста” мәтінінде кездесетін сөздерді, ұғымдарды байырғы түркі текті тілмен байланыстырып қарамаған. Ал біздің мақсатымыз қолдан келгенше осы олқылықтың орнын толтыру.

V.2. Бұл мақсатқа жету үшін біз өте көне **прото⁵-түркітекті тілдерден** (мұнан әрі: **ПТТ**) келе жатқан ұғымдар мен сөздердің морфологиялық, фонологиялық құрылымдарының рудименттік түбірлерін түркі халықтарының фольклорлық ескерткіштері мен сөздерінің сәйкес түбірлерін *тарихи-ретроспективалық жолмен іштей қайта құрып (реконструкциялық) талдау әдісі⁶* арқылы зерттедік. Біз ПТТ сөздерін ҮОБА халықтарының аңыздарында, діни-сенімдік

⁵ “Прото” (грек.: prôtos) — “ең алғашқы”, “бірінші” дегенді білдіреді.

⁶ Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков/Отв. ред. Э.Р. Танищев. М.: Наука, 1988. С. 8.

көзқарастарында, салт-дәстүрлерінде кездесетін архаикалық түсініктерден, сөздерден және ұғымдардан екшеп алып зерттеуімізде пайдаландық. Сол талдаулардың мазмұндарын тереңдету мақсатында археологиялық қазбалардан табылған өнер (стелла, барельеф т. б.) жәдігерлердің мән-мазмұндарына да сүйендік. Сондықтан бұл фольклор-фонологиялық жұмысымызды **“археология”** деп те атау қажет деп таптық.

V.3. Біздің түсінігімізде, ПТТ, байырғы ирандық, жалпы үнді-европалық тілдер ҰОБА халықтарының тас шекаралармен бөліну, қақтығыс-соғыс кездерінде емес, керісінше бейтібішлікпен сауда, алыс-беріс, туыс-жекжаттық сияқты араласу барысында қалыптасқан. Сондықтан олардың өзара түбірлестігі мен байланыстықтары⁷ тарихи жылнамалық деректізбелерге енбеген. Сол себепті қазіргі тарих ғылымының оқулықтарының мазмұны негізінен ел билеушілердің ауысуы, мемлекеттердің бір-бірінен бөлінуі, олардың арасындағы соғыстар, кім жеңді, деген кім жеңілді сияқты деректерден ғана тұрады. Басқаша айтсақ, тарих ғылымы әлеуметтік өмірдің мазмұнын, құрылымдарын емес, мемлекеттің саяси құрылымын, соғыс деректерін тіркеген жылнама болып табылады.

Ал бейбіт өмірдегі халықтар, адамдар арасындағы табиғи қатынастарды, олардың тарихи ерекшеліктерін жалпы және тарихи социология зерттейді. Ал басқа қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар өз мәселелерін адамзаттың өткен кезеңдерімен байланыстырып зерттейтін болса, онда олар сол ғылымдардың салаларында қалыптасқан социологиялық зерттеудің ретроспективалық, герменевтикалық т. б. әдістерін пайдаланады. Сонымен, келтірілген талдаулар, жұмысымыздың атын қосымша **“социологиялық-фольклор-фонологиялық археология”** деп атауымызға негіз болды.

⁷ Старостин С.А., чл.-корр. РАН, Милитарев А.Ю., д.филол.н., Древо языков. По каким параметрам можно судить о времени, отделяющих языка от праязыка, или два родственных языка друг от друга? Телехабардың “ОЗОН” интернеті (www.ozon.ru) арқылы таратылатын құжатынан.

ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТ-ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

мынандай мәселелерді талдап-таратумен байланысты
қалыптасты:

I. “Жаратушы” және “Заратуштра” атауларының түбінде тікелей мазмұндық бірлік болуының себептері: біріншіден, Заратуштра-пайғамбардың мұнан бес мың жылдай бұрынғы протосақтар (прототүркілер), яғни тұрандықтар тегінен шыққандығында болса (Э2-Э4), екіншіден, оның ілімінің мәтінінде кездесетін көптеген ұғымдар мен терминдердің протосақ-түркі, иран, тіпті шумерлік аңыздар мен діндермен және осы халықтардың тілдерімен терең байланыстылығында.

II. Тәңірілік пантеистік діннің орнына жаратушылық (заратуштралық) діннің кең тарауы соңғының адамның ділдік-руханияттылық негіздерін аса жоғары көтергендігінде болып табылады. Сондықтан Жаратушы-Заратуштра діні, басқа да діндермен қатар, Иран-Тұран халықтарының арасында мыңдаған жылдар беделді болған. Бірақ бүгінгі күнге дейін нақты мазмұны құпия болып отырған заратуштралық діні ілімінің мәтіні “Авестаның” алғашқы бөлімдерінің (“Гаттар” мен “Яшттардың”) көптеген түсініктері мен өлең жолдарының мазмұны батыстық зерттеушілердің тілтанушылық қисынкестелерімен (логикалық схемаларымен) ғана талданған. Олар тек ескі иран, пехлеви және санскрит тілдерінің негізінде қаралып, ПТТ-ескітүркі тілдері тұрғыларынан зерттелмеген (Э5). Осы мәселелердің соны жақтарын түсіну үшін біз бұл ілімнің мазмұнын әлімсақтан көрші ҮОБА халықтарының тілдері, фольклоры, тәңірілік діннің мазмұны тұрғыларынан талдадық. Әрине, бұл араластық тек ынтымақтастық қана емес, кейде бақталастық сипаттарда да дамыды.

Жалпы:

II.1. Біздің жүргізген зерттеуімізге ұқсас жұмысты отандық ғылымда кездестірмедік.

II.2. Сондықтан біздің пікірлеріміз бен жасаған тұжырымдарымыздың “ой-шұқырлары” болуы мүмкін.

II.3. Сол себепті біздің жұмысымыздың мазмұны көп пікірталастар туғызуы табиғи жағдаят болады деп білеміз.

III. Заратуштра-пайғамбар өз дінін насихаттап, халық арасында беделге ие бола бастаған кезде Тәңірілік діннің ғұлама белсенділері тарапынан қысым көріп, туған жері Тұраннан кетуге мәжбүр болады. Ол көрші Иран еліне барып паналап, оның жергілікті бір патшасы (мүмкін бегі) Виштаспадан қолдау табады. Көптеген ғасырлардан кейін, **Кир (Куруш) II**, әсіресе **Дари I** патшалары кезінде **Парсы мемлекеті гүлденген империяға айналғанда Заратуштра ілімі мемлекеттік дін есебінде күш алады.** Бұл Дари I басып алған Мысыр елінің байырғы діни идеологиясына қарсы тұруға келетін **мемлекеттік идеология құру қажеттігінің нәтижесі еді.**

IV. Қазіргі заратуштралық діннің мәтінінде сақталған протосақтық (прототүркілік) терминдер мен сөздердің байланыстылығын дұрыс түсіну үшін, иран-түркі халықтарының мұсылмандыққа дейінгі сенімдерінің, салт-дәстүрлерінің шығу тектерін талдау қажет. Сонда қазіргі жалпы түркілердің, ирандықтар мен қазақтардың азаматтық тарихтары мен рухани мәдениеттерінің ортақ тамырларын терең әрі толығырақ түсінуге жол ашылады.

V. Бұрынғы “Жаратушы-Заратуштралық” отқатабыну діні мен қазіргі әлемдік христиан, ислам және т. б. діндердің мән-мақсаттарының, адамгершілік, имангершілік және басқа идеяларының айқын үндестіктері бар.

VI. Қазіргі қазақ халқының дәстүр-салттарында кездесетін құндылықтардың, сенімдердің астарында Тәңірілік, заратуштралық (Отқатабынушылық) кездерден қалған терең іздері табылады. Олар қазақ халқы кейін қабылдаған мұсылмандықпен үйлесімді болу себепті сақталған. Соларды зерделеу

арқылы жалпы ұлттық сана мен ділдегі адамгершілік, имандылық сияқты рухани құндылықтарды таным дүниемізге қайта сіңіру, оларды салықалы саналылықпен түсініп, құрмет тұтуға жаңаша жол ашу халқымыздың өркениет жолымен дамуына үлкен ықпал жасайды. Ұлттың мазмұнды, құнды ділінің негіздері бір күнде жасалмайды, олар тарихымыздың астарындағы руханияттылықтың нәрлерінен күш алғанда ғана жеміс береді. Сонда ғана қазақ ұлтының атын алған мемлекетіміздің аясында біріккен басқа ұлттар да онан әрі гүлдене алады. Онсыз жеке ұлттар мен ұлыстардың да маңқұрттанып кету қаупі бар. Оған қазіргі БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) арқылы жас ұрпақтың зінханасын тасқындай тұншықтырып келе жатқан батыстық мәдени-кичтік⁸ маңқұрттандыру ұлттық болмысымыздың табиғатына тән руханияттылықтың тамырларын шірітіп келеді. Әрине ешбір халық ендігі жерде әлемдік мәдениет пен жаһандану ағымынан оқшау қала алмайды. Сонымен бірге, көпұлтты адамзат баласының қатарындағы өз болмысын жойған ұлт, бұл *руханиятсыз жаһандану процесінің* “дөңгелегінің астында салынатын шпалдарға” айналуы ғажап емес. Сондықтан *ділдік руханияттылық пен қырғиқанатты жаңашылдық* өзара үйлесімді дамулары қажет. Бұл бағытта шығыстық “үш жолбарыстың” алғатартары, — Жапон елі үйренуге тұрарлық үлкен үлгі көрсетіп отыр.

Осындай, өткенге ізетпен ғана емес, өміршеңдікпен қарау, оны келешектің руханияттылығының тірегіне айналдыру түркі халықтарының, солардың қатарында қазақ халқының да дүние жүзілік танымал елдермен *терезесі тең еліп, қайыршылықтағы емес, басқаларға қайырымдылық көрсете алатын, тарихы мен рухы терең, іргесі шайқалмас өркениеттің іргетастарын тұрғыза алатын* ұрпақтары бар елге айналады.

⁸ “Кич” [“Kitch” ағыл.: “арзанқол”; неміс.: “көзбояушылық”, “алдамшы”] *арзанқол*, бірақ жастардың есін есіртетін, яғни “мәденикешелікке” тәрбиелеу өнері дегенді білдіретін термин.



Сонымен бұл жұмыс:

- жоғарыда келтірілген мақсаттарға сәйкес жүргізілген зерттеулердің нәтижесі;
- жоғарыда көтерілген мәселелер мен жасалған тұжырымдар түбінде мән бар деп есептейтін, бізбен оймұраттас қауым арасында пікір сайыстар туындатып, әлі талай жемісті нәтижелер әкелетін, *шумер, парсы, тұран-түркі, жалпы ҰОБА әлемдерінің рухани мәдениеттерінің* ортақ та терең тамырларын тауып, олардан адамзаттың бүгіні мен келешегіне мүмкіндігінше рухани нәр бере алатын көздерін ашуға бағытталған ғылыми-зерттеулер мен мәдени-рухани қозғалыстардың қарқын алуына мұрындық бола ма деген

ОЙБАСТАУ.



ӘЛҚИСЫНДЫҚ ⁹ АЛҒЫСӨЗ.

Құрметті оқырман! Бұл жұмыстың басталып, зерттеу ісінің жүзеге асып, тиянақты бір қорытындыларға келуімізге тікелей себепші болған мәселелерді рет-ретімен қарастырайық:

1. Қазіргі әлемдік қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда Заратуштра діни ілімінің бөлімдерін біріктіретін біртұтас мәтінді “Авеста” десе, оны зерттеуші ғалымдарды авестологтар деп атайды. Авестаның пайғамбардың өзі шығарған бөліктерін “Гаттар”, “Яшттар”, “Видевдат” деп атайды. Солардың алғашқыларының үштен біріне дейінгі көлемінің тура мағынасы қазіргі парсы тілінде түсініксіз деп есептеледі¹⁰. Авестологтардың көпшілігінің пікірінше, протопарсылардың бір елінің аты “авеста” болған екен, Заратуштра өз ілімін сол елдің тілде шығарып, насихаттаған екен. Ал кейіннен ол ел де, ол тіл де жоғалып кетіпті-міс.

Біздіңше, бұл пікірлер жаңсақ. Мұның дәлелі ретінде, әртүрлі зерттеулерден алынған, осы алғысөзде атап кететін бір-екі тоқтамдарым мынандай:

а) Мұнан 10 000 - 5 000 жылдар бұрын жоғары өркениетті халықтар, мысалы, ариліктер, қазіргі жер шарының оңтүстік бөлігіне, солардың бірі қазіргі Иран жеріне де, солтүстік жақтардан келгендер (10.5; 10.6).

⁹ Бұл “әлқисын” сөзінің бірінші бөлігі “әл” (мысалы, белгілі “әлқисса” байырғы қазақтың эпостық тілінде жиі қолданылған) араб тілінен алынған — “бір сөзбен айтқанда, қысқаша айтқанда, сонымен” дегенді білдіретін сөз, ал екінші бөлігі “қыйсын” — қазақшы “реті, орны” дегенді білдіреді. (Қазіргі кезде “қыйсын” сөзі, халықаралық тілде қолданылатын, “логика” деген ұғымның аудармасы есебінде де қолданылады.) Сонымен, бұл мен ұсынып отырған “әлқисын” деген сөз, “басты ойымызға қайта оралсақ” деген мағнаны білдіреді. Бұл сөзді қолдану реті (қисыны) мынандай: егер айтушы немесе жазушы өзінің ойөрісін таратып келе жатқанда, қосымша түсіндірме беру үшін ойшегініс жасап болған соң, бұрынғы ойын қайтадан жалғастырар алдында қолдануға болатын сөз. Сонда бұл сабақтас ойларды иірімді-иірімді етіп өрбітудің екпінді тынысын ретке келтірер жаңа сөз болған болар еді.

¹⁰ Уотерхауз Дж.В. Зороастризм//Катехзис зороастризма... СС. 29, 30, 117-118; Стеблин-Каменский И. Предисловие//Авеста: Избранные гимны... С. 5.

ә) Заратуштра пайғамбар мұнан 5000 жылдай бұрын өмір сүрген.

б) Өте ерте замандардан бастап протосақ, прототүркі және протоиран тілдері аддстраттық (тең аралас) тілдер болған (Э2-Э5). Заратуштра дінінің алғашқы мәтіні сол кезде қалыптасқан.

г) “Авестадағы” көп ұғымдардың қазірге дейін анық түсінудің мүмкін болмай отырғандығы оларға байырғы сақ-түркі тілдері тұрғысынан қаралмағандығынан. Мысалы, біздің бұл пікір-тоқтамымыз А. Бүркітбаевтың ¹¹ ойымен сәйкес келеді.

д) Сонымен қатар, Бүркітбаевтың “Авестада” “80 процентов слов совершенно спокойно читаются и укладываются в лексику современного казахского языка! А само название читается как “Ак бата” ¹² деген өте біржақты да “батыл” тұжырымдарына еш қосыла алмаймыз (Бүркітбаевтың “Акбата”, “Сақнама” деген кітаптарымен де таныстық. Өкінішке орай, олар талдау, дәлелдемелерден емес, тек құрғақ тұжырымдардан ғана тұрады. Уақыт патша өз үкімін шығара жатар).

1.7. А. Бүркітбаевтың пікірлерін “ашу-ызамен талқандаған” С. Абдуллоның мақаласын ¹³ да мұқият қарадым. Абдулло мырзаның Бүркітбаев туралы ойларының көбімен келіссек те, оның жалпы Заратуштраға байланысты өйтөркіні батыстық авестологтардың көзқарастарына жақын екенін аңғардық. Ол жалпы “Авестаның” мазмұнын түркі тіліне жақын деген ой білдірмейді.

1.8. Әділеттіліктің төрелігіне мойын ұсына отырып, А. Бүркітбаевтың күмәнді пікірлеріне келіспейтіндігімізді айтсақ та, оның маған үлкен әсер еткен бір ғана тұжырымы — **“Заратуштра” діни ілімінің аты “Жаратушы” атауынан шыққан деген тұжырым** ¹⁴.

¹¹ Бүркітбаев А. “Книга, известная как “Авеста”, — подделка”//“Аргументы и факты: Казахстан”, 2002 г. № 21.

¹² Бүркітбаев А. Акбата. Алматы: Айдана, 2002.

¹³ Абдулло С. Истина не терпит суесловия// Газ. “Эпоха”, № 18, 2002. СС. 6, 13.

¹⁴ Бүркітбаев А. “Книга, известная как “Авеста”, — подделка”.

2. ҮОБА халықтарының көбі өздерінің солтүстіктен келген арилік, сақтық тектерін жақсы біледі. Сонымен қатар Заратуштра ілімінің мазмұнында ҮОБА халықтарына ортақ байырғы тау, жер, су атаулары көп кездеседі. Қазіргі авестологтар да, жергілікті тарихшылар да Заратуштра ілімін ҮОБА елдерінің ортақ мәдени мұрасы деп есептейді [Э2—Э4]. Бұлар туралы тоқтамдарымызды осы зерттеуіміздің қисынды жерлерінде келтіріп отыратын боламыз.

3. Кіріспеде айта кететін жалпы қазіргі тарих ғылымы туралы мынандай ойларым бар.

3.1. Географиялық тұрғыдан алғанда қатар өмір сүрген елдердің, соның ішінде ҮОБА елдерінің де, кейіннен аралары алшақтап кеткенімен, тарихтың алғашқы кезеңдерінде араларында қазіргідей шекаралары болмағандығы белгілі. Ол халықтардың көпшілігі негізінен бейбіт қатар, аралас-құралас өмір сүрген. Тек кейбір саяси шиеленістер кезінде ғана соғыс басталған. Уақыт тұрғысынан алғанда әрбір шайқас, жалпы соғыс жағдаяты бірнеше күннен бірнеше айға ғана созылған.

Бір болған соғыс нәтижесі анықталғаннан кейін жылдар, тіпті ғасырлар бойына көршілес елдердің қарапайым халықтары өздерінің бұрынғы сауда-саттық, рухани-діни қатынастықтар жағдайында қайтар өмір сүрген. Мүмкін, жеңген жақ жеңілгендерге өктемдігін орнатқан да болар. Дегенмен, тұрмыс тіршілігінің реттілігі мен қажеттіліктеріне сәйкес, халықтар өзара заттық байланыстарымен бірге тілдік диффузиялар мен изоглоссалар¹⁵, діндік сабақтастықтар мен ділдік ұқсастықтар, байланыстар туындатқан.

Ал қазіргі тарих ғылымында жазылған оқулықтардың көпшілігінде елдер мен елдердің араларындағы болған соғыстар мен қақтығыстар, көтерілістер мен саяси төңкерістер баяндалады. Халықтар арасындағы бейбіт, мәдени, рухани қатынастар туралы деректер негізінде тек арнайы ғылымдардың аясында ғана қаралады.

¹⁵ Мысалы, қазіргі орыс авестологтары, көршілес иран-тұрандықтар ғана емес, аралары алшақтау болса да иран мен славян тілдерінің араларынан өте ертеден келе жатқан толық сәйкестіктердің бар екендігін көрсетеді: Дудко Д. Свет из иранского мира //Заратустра. Учение огня. Гаты и молитвы. М.: Изд-во ЭКС-МО-Пресс, 2002. С. 483.

Сондықтан біздің жұмысымыз сырт қарағанда тарихи жұмысқа ұқсамайтын сияқты. Себебі біз болған соғыстардың қанды іздерін емес, халықтардың бейбіт өміріндегі тілдік, діндік, ділдік, рухани қатынастарды ғана зерттедік. Сол себепті жұмысымыздың қосалқы атын “Социология-фольклорлық археология” деп нақтылауға тура келді.

3.2. Сонымен, қазіргі Кеңестік уақыттан кейінгі кеңістікте әлі өз жолымен, өз негізінде қалыптасып болмаған тарих ғылымында, соның бірі Қазақстан тарихы ғылымында да Қазақстанның байырғы кезеңдеріндегі Ресей империясына жатпаған елдермен арақатынастары туралы деректер өте аз. Тек Қытайда тұратын қандастарымыздың қарқынды ізденістерінің нәтижесінде ғана Қазақстан-Қытай тарихи байланыстарының белгісіз беттері ашыла бастады. Ал Қазақстанның ҰОБА басқа елдерімен байланыстары туралы деректер жоқтың қасы. Мысалы, қазақтар мен ҰОБА елдерінің ежелден келе жатқан тарихи байланыстарын үзген кезең ХІХ ғ. болды. Бұл Иран, Ауғанстан, Үндістан елдерін ағылшын отаршыларының басып алуы мен оған қарсы жүргізілген Ресей империясының Орталық Азия, Түрікменстан, Тәжікстан елдерін өз қарамағына бодандыққа енгізу саясатының салдары болды.

Ал Қазақстанның қазіргі тарих ғылымы Кеңестік заманның “төл баласы” болғандықтан, онда Қазақстанның ҰОБА елдерімен “әлімсақтан” басталып ХІХ ғ. дейін болған тарихының ізі өте бұлыңғыр. Оны еліміздің беделді тарихшылары да мойындайды (Ә2).

3.3. Аталған ҰОБА кеңістігін бөлу процесі Кеңес үкіметі кезіндегі сталиндік “темір қорған” мен коммунистік-пролетарлық саясат пен атеистік идеология, тек халықаралық саяси қатынастарға ғана емес, қазіргі ұрпақтардың саналарына да салынған манқұрттық темір құрсауларға айналды. Бұл алшақтатуды тудырған күштердің “балталары” прототүркі-иран елдерінің туыстықтарының, рухани-мәдени байланыстарының тамырларын көп уақыттан бері “қиып кеткендігі” белгілі. Өкінішке орай, ол тамырлардың түбіне бүгінгі күнге дейін өміршеңдіктің нәрі қай-

тадан айтарлықтай мөлшерде жүгіре қойған жоқ. Бұл бағытта жүргізілген Мұрат Аджидің ізденістерін ерекше атауға болады ¹⁶.

3.4. Тарихтың мұндай бұрмалаушылықтарына қарамастан, сәл жоғарыда айтқанымыздай (3.1), қазақ халқының Кеңес үкіметіне дейін өмір сүрген немесе соған дейін туылып, ес жыйған дана өкілдері Абай, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов және т. б. творчестволарының мәтіндерінен қазақ-шығыс елдері араларындағы “тірі” руханияттық тамырластықты айқын көре аламыз. Солардың ең соңғыларының бірі — Кеңестік кезеңде “Шаһнаманың” ізімен “Рүстем-дастанды” қазақ тілінде жырлаған Тұрмағамбет еді. Ол өз қиссасында араб, еврей, орыс, өзбек, пехлеви, түркі, парсы, үнді, шағатай т. б. тілдермен түбірлес [изоглоссалық] сөздер мен ұғымдарды кең де еркін қолданған. Тұрмағамбет парсы, арап тілдерін еркін білген. Аталған жұмысының кіріспесінде өзі туралы:

“О баста оқыған соң фарсы, арап,
Жазушы ем хикая, жыр оған қарап” ¹⁷, дейді.

Бұл қазақтың руханияты ескі түркі-шығыс елдерінің мәдениетімен терең тамырлас болғандығының бір үлкен көрінісі.

3.5. **Тереңірек, кеңірек алсақ**, біз зерттеп отырған тақырыпқа байланысты **ізденістердің мәні ҰОБА халықтарының бүгінінен де келешегіне көбірек керек сияқты**. Бұл Отанымыз Қазақстанның әлем мәдениеті мен экономикасына тең теңізді жағдайда араласа дамуының алғашқы қадамдарының бірі болмақ деп түсінемін. Әрине, бұны Батыстық, Қытай, Қиыр Шығыс өркениеттерінен алшақ кету деп түсінуге болмайды. ҰОБА аймағындағы Қазақстанның ежелден келе жатқан, сабақтастық мәдени-рухани тамырларын табу тек тарихтың орынсыз

¹⁶ Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великая степь. (Книга первая). Семей: “Международный клуб Абая”, 2001. С. 66-70.

¹⁷ “Рүстем-дастан. Фердауси “Шаһнамасының” ізімен жырлаған халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов” Алматы: Қазақстан Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. 10 б.

да әділетсіз үзілген жалғастығын қалпына келтіріп, тарих тамырынан нәр алып, әлем елдерімен қатар дамуына өріс ашатын ең маңызды негіздердің бірі.

3.6. Біз зерттеп отырған тақырып тек тарихи деректерді қалпына келтіру ғана емес. Оның өте маңызды жағы — халқымыздың тарихын қайта зерделеу: қазақтар көшпенді ел болған, олардың тарихында философиялық, теологиялық терең мұралар болған жоқ, яғни қазақ халқы басқа көршілес халықтардан кенже қалған деген сияқты көзқарастарының қате екендігін көрсету. Бұл б. д. д. IV—III мыңжылдықтардың кезінен, мүмкін онан да бұрын басталған Тәңірілік және жаратушы-заратуштралық Отқатабыну діні мен соларға сәйкес қалыптасқан дүниеге көзқарастың, адамның ішкі имандылық дүниесін терең талдаған ілімдердің, көзқарастардың болғандығын ашу. Мұндай зерттеу халқымыздың тек өткені туралы деректі қалпына келтірумен ғана шектелмейді. Ол қазіргі және келешектегі ұрпақтарымызға өз халқы тарихының, оның мәдени мұрасының басқа халықтардың руханияттылығындай терең де мәнді екендігін көрсетеді. Мұндай көзқарастың жастарды рухани-мәдени, елсүйгіштік, азаматтық сияқты құндылықтарға тәрбиелеудегі маңызы өте зор.

Дегенмен, бұл жұмыста қаралып отырған мәселенің негізімен келіскісі келмейтін көзденқарастардың ¹⁸ ызғары алдымыздан шығып, қауіпті үсіктердің шалу мүмкіндігін де аңғарып, Кеңестік кезеңнен қалған халық санасындағы, әсіресе орыс және батыс ыңғайындағы сыңаржақ көзқарастардан шыға алмай жүрген жастарымыздың рухани тарихы мен тағдыры туралы әлқисындық шегініс жасасақ дейміз.

4. Қазақ еліне келген егемендіктің бізге тиген шарапаты — ол ата-бабаларымыздан қалған мәдени-рухани мұраларымыздың онан әрі манқұрттанып ¹⁹ алаңсыз құрып кету қаупінен

¹⁸ “Көзденқарас” ұғымының мәнін № 1 қосымшадан қараңыз.

¹⁹ “Манқұрт” ұғымының этимологиялық талдамын: ““Манқұрт”: опыт этимологической интерпретации и осмысления” деген бұрын шыққан жұмысымда келтіргенмін. Ол жұмыс осы кітаптың 2 қосымшасы есебінде беріліп отыр.

құтылуға мүмкіндік бергені. Бірақ Кеңестік кезеңде 70 жылдан астам уақыт ішінде манқұрттандыру бағытында жүйелі, пәрменді түрде — көнгенге көпшік қойып, көнбегенге бізөкшені батырып, тулағанға ауыздықты қандата тартып, тіпті, ел санасын үреймен тұншықтыру үшін, халыққа қорған-тұлға боларлық ерлерімізді тікелей құрбандыққа шалып — жүргізілген жұмыстар нәтижесіз болған жоқ. Олардың айшықты іздері зін мен ділханаларымызда, басқару мен жалтару, сөз бен істің, ақ пен қараның, парыз бен қарыздың, иманшарттылық мен имандылықтың және басқалардың араларын әдейі шатыстыру мен оларды ажырата алмай шатысуда бар. Азаматтылық пен пендешіліктің қым-қуыт жымжапсарлары мен жанпидаға келтірер психологиялық қайшылықтары күнделікті өмірдің объективтік және субъективтік тіндерінде сайрап жатыр. Тек оларды тап басып, таңбалап айырарлық зерде керек (Осыған байланысты бір ойларымыз осы жұмыстың 1 қосымшасында талданған).

Осылардың туындау, қалыптасу, дамуларының қоғамдық, саяси, әлеуметтік және басқа тарихи себептерін дұрыс білу қазіргі кезде өріс алып келе жатқан батыстық-шығыстық мәдениет пен руханияттылықтардың тектамырлары (генезистері) мен геномдарын дұрыс талдап-таратып қарауға көмектеседі. Руханият дүниесінде “батыс пен шығыс”, “солтүстік пен оңтүстік” деген ұғымдар географиялық түсініктер емес, олар әр адамның ішкі “зін мен ділдік” дүниесін жарып жатқан “шекаралар”, олардың қарама-қарсы жақтарын туындатып, араларындағы қайшылықтарды қуаттандыратын “полюстік күштер”. Әрине мұндай қайшылықтар қай заманда да болатын даму негізі деген философиялық тұжырыммен келісеміз. Сондықтан “батыс — шығыс”, “солтүстік — оңтүстік” деген ұғымдардың қайшылықтары мен шекаралары туралы сөз еткенде оларды бір-бірлерінен бөліп алу қажет деген қате пікір тумауы керек. Мұндай ниетті біз, бері қойғанда тайыздық, әрі алғанда елді бүліншіліктерге “үріит, соқ-соқтайтын” зұлым ұраншылдық деп есептейміз. Біз бұл айтылғандарды салмақпен қарап, ақылмен саралап, даналықпен қорытындылау қажет дейміз.

Біздің оймұратымыз: әлеуметтік өмірдің тамырын дөп басып, оның тынысын туындататын ділдік және зіндік бастауларды халықтың өз тегінен шыққан төл мәдениеті мен руханияттына жақындата отырып, төтеннен келіп, төрлеп бара жатқан арзан-қол кірме құндылықтардың, күштердің жас ұрпақтардың зінәлемін өз елінің тарихынан, мәдениетінен түбегейлі аластатпауының жолдарын табу. Онсыз келешек ұрпақтарымыздың, өңі қазақ, астары ала, ділі өзіндік те емес, өзгелік те емес, бірақ оларды жалдап пайдатапқыш көлденен көк аттыларға ыңғайлы манқұрттар тобырына айналары хақ болады. Сондықтан, зін мен діл дүниеміз тарихи тамырларымыздан алаңсыз аластатпай тұрғанда, олардың жандану шаралары мен кірме дүниенің араларын ұтымды үйлестірудің тиімді жолдарын табу қажет. Біздің осы тұста айтарымыз, біздің осы кітапқа енген зерттеулеріміздің бір жағы осы сөз етіп отырған бүгінгі әлеуметтік өмірдің тыныстық тіндерінің *тарихи бір бастауларын саралау* болып табылады. Олардың нақтылы жақтары жұмысымыздың тиісті жерлерінде сөз етілетін болады.

4.1. Күні кешегі Кеңестік кезеңде Орта Азияда тұратын халықтардың, мәдениеттері “артта қалған” деген біржақты баға бетке басып та, саяси-идеологиялық тұрғылардан мүсіркеушілікпен жасырып та айтылғанын сәл жоғарыда (3.6) сөз еттік. Ресей өзінің “құтқарушылық көмектері” арқылы саны аз халықтарды рухани тізе бүктірді. Бұл істер Кеңестік-ресейлік орталықтың саяси, рухани-мәдени биліктерін нығайту мақсаттарында пәрменді пайдаланылды. Соған сәйкес, бұрынғы біздің көшпенді ата-тектерімізге, олардың тарихта өткен өркениеттілік кезеңдеріне деген оң көзқарастарға, тіпті сол туралы топшылау, түспалдау пікірлерге алдын ала берік тоғандар салынды. Ол бағытта алғашқы еркін ой айтқан О. Сүлейменовтың “АЗиЯ” шығармасынан кейінгі оған қарсы жасалған қысым Қазақстан ғана емес бүткіл түркі халықтарының тарихында қалады деп ойлаймыз. Бұл бағыттағы ізденістерді КСРО күйрегеннен бергі уақытта көп зерттеушілер қайта жалғастыруда. Солардың бір қайраткері Мұрат Аджи.

Әрине Аджидің де жұмыстары туралы өте әртүрлі пікірлер бар. Біз өз мамандығымыз тікелей тарихшы болмағандықтан екжей тегжейлеріне бармасақ та, қысқаша айтатынмынандай ойларымыз бар. Бір жағынан, жалпы Аджидің тарихтың ашылмаған беттерін ашып, халықтың білмегенін сөз етуі өте үлкен жаңалық. Ал, екінші жағынан, автор огуздарды немесе қыпшақтарды сөз еткенде ол халықтардан басқа халықтар жоқтай етіп көрсетеді. Әрине, бір адамнан барлығын айтып бер деп сұрау да орынсыз сыншылдықтың бір түрі. Дегенмен осындай екіойлылығымыздың бар екенін ескерте кеткен де орынды демекпіз. Ақиқатқа жүгінер болсақ, біздің де осы кітаптағы зерттеу қортындыларымыз да кейбіреулер үшін біржақты болып көрінуі ғажап емес. Бірақ біздің ізденістеріміз, — қазіргі кезге дейін тарихи зерттеулерде зер салынбай келген тарихтың ақтаңдақтарын толықтыру шараларының бірі.

4.2. Біздің бұл айтып отырған жағдаяттың өзіміз жүргізген ізденістерімізде табылған мынандай бір мәселелерін ортаға салмақпын.

Байырғы сақтардың болғандығы туралы жалпы дерек кеңестік тарих ғылымында айтылады. Бірақ, олардың ҰОБА көлеміндегі таралған жерлері туралы деректер негізінен тек қазіргі Қазақстан Республикасының географиялық көлемінде ғана сызылып көрсетілген. Мұндай тарихи-географиялық түсініктің Кеңестік кезеңдегі алғашқы және атақты бір мысал-көрнісі Б.Г. Гафуровтың 1949 ж. жарыққа шыққан “История таджикского народа” деген жұмысы еді. Ол жұмыс сол кездегі Кеңестік тарих ғылымының жазылған және жазылмаған талаптарына толық сай жасалған еді. Онда Орталық Азия халықтарының ең ертеден бастап б. д. басына дейінгі кездердегі бір-бірлеріне қабатталып салынған картасында сақ (скифтерге) қазіргі Сырдарияның солтүстік өңірі, ал сармат-скифтерге Қара теңіздің солтүстік жағы “берілген”²⁰ еді. Сонан арғы және

²⁰ Гафуров Б.Г. История таджикского народа. В кратком изложении/Под ред. И. Брагинского. Том 1. М.: Гос. изд. полит. литер., 1949. С. 40-41.